

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы
2015-2017 жылдарға арналған ұжымдық шартқа
№01 қосымша келісім**

Астана қаласы

«22» маусым 2015 жыл

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы атынан «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Президенті және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы еңбек ұжымының атынан «Қазақстандық салалық теміржолшылар кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі төмендегідей қосымша келісім жасасты.

1. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2015-2017 жылдарға арналған ұжымдық шартқа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 8 тармақтағы:

10) тармақшаның жетінші абзацы келесі редакцияда баяндалсын:

«Жұмыс берушінің актісіне сәйкес тарифтік ставканың (жалақының) кем дегенде 10 пайызынан аз болмайтын үстемеақы:

а) «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған Компания қызметкерлеріне – ай сайын;

ә) «Кәсіби бойынша үздік» белгісімен марапатталған Компания қызметкерлеріне – «Көтермелеу туралы» бұйрығы шыққан күннен бастап 12 ай ішінде төлем жүргізіледі;»;

31) тармақша келесі редакциядағы абзацпен толықтырылсын:

«а), б), в) тармақшаларында сипатталған жағдайлар сәйкес құжаттармен рассталсын.»;

2) 10 тармақтың 18) тармақшасындағы «Жаңаарқа станциясында» сөздері «Жаңаарқа, Тобол станцияларында» сөздерімен ауыстырылсын;

3) 11 тармақта:

17) тармақшадағы «жұмыс өтілі» сөздерінің алды «теміржол саласындағы» сөздерімен толықтырылсын;

25) тармақшаның:

бірінші абзацындағы «материалдық көмек көрсету» сөздерінен кейін «Компания бюджетінен бөлінген қаражаттар шектерінде» сөздерімен толықтырылсын;

келесі редакциядағы абзацпен толықтырылсын:

«Материалдық көмек көрсету тәртібі Компанияның жергілікті актісімен белгіленеді (10.01.2012 жылғы №9-ІІ бұйрығы).»;

33) тармақшаның екінші абзацы келесі редакцияда баяндалсын:

«1 қыркүйек күні қарсаңында 3 және одан көп мектепте оқитын балалары бар жұмыскерлерге әрбір балаға кем дегенде 1 АЕК, бірақ 3 АЕКтен аспайтын мөлшерінде;»

36) тармақша келесі редакцияда баяндалсын:

«36) Отбасы күніне жыл сайын, Компания бюджетінен бөлінген қаражаттар шектерінде, төрт және одан артық баласы бар Компания жұмыскерлерінің көп балалы отбасыларына кем дегенде 3 АЕК, бірақ 5 АЕКтен аспайтын мөлшерінде материалдық көмек көрсетуге (балалар 14 жасқа дейін, мүгедек балалар 18 жасқа дейін);»;

37) тармақша келесі редакцияда баяндалсын:

«37) Балаларды қорғау күніне жыл сайын Компания бюджетінен бөлінген қаражаттар шектерінде жалғыз басты аналарға, және 14 жасқа дейінгі баланы жалғыз тәрбиелеп отырған өзге тұлғаларға (некеде тұрмаған әйел/ер адам, ажырасқан әйел/ер адам, жесір әйел/тұл ер адам, қамқоршы) кем дегенде 5 АЕК, бірақ 10 АЕКтен аспайтын мөлшерінде материалдық көмек көрсетуге;»

39) тармақша келесі редакцияда баяндалсын:

«39) Көлік қызметкерлері күніне жыл сайын Компания бюджетінен бөлінген қаражаттар шектерінде Компания филиалдары – жол бөлімшелеріне кем дегенде 5 АЕК, бірақ 10 АЕКтен аспайтын мөлшерінде қарттар үйінде тұрып жатқан, Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде есепте тұрған зейнеткер-теміржолшыларға материалдық көмек көрсетуге міндеттенеді.»;

2. Осы Қосымша келісім 2 данада жасалды және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2015-2017 жылдарға арналған ұжымдық шарттың бөлінбейтін бөлігі болып табылады.

**«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
Президенті**


А. Мамун


**«Қазақстандық салалық
теміржолшылар кәсіби
одағы» қоғамдық бірлестігі
торағасының м.а.**


Ж. Сәбитов
